сушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница № 1

„Ғылым таппай мақтанба" (Ұлы Абайдың ғылым-білім туралы ойлары)

Абай - қазақ жазба әдебиетінде өзіндік қолтаңбасы бар өшпес тұлға. Оның шығармалары қазақ әдебиетінің даму жолында айрықша орын алады. Қай шығармасын алып оқысақта, адамға ой саларлық терең мағынаның жатқанын байқаймыз.

Абай өлеңдерінің басым көпшілігі оқу-білім, ғылым тақырыбына алтын арқау болып өрілген. Өз заманындағы халықтың надандығы мен сауатсыздығына күйіне отырып, ішкі жанайқайынан туған ойларды Абай өлеңдерінде шебер суреттей білген. „Ғылым таппай мақтанба" атты өлеңінде жаман мінез-құлықтар яғни, артық ұрысың мен өсек, мақтаншақтық, еріншектік пен ысырапшылдықтың адамға үлкен зиянын тигізетінін ескерткен ақын: „Талап, еңбек, терең ой,

Қанағат, рахым ойлап қой" - деп „бес асыл істі" бойға сіңіру керектігін айтады. Абай көзқарасы бойынша, өмірде мақсатқа жеткізетін нәрсе - оқу-білім мен үнемі ізденіс. Көп оқып, көп білген ел уақытта артық болмайды, керісінше сол арқылы кедергілердің кілтін табуға болады.

„Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім.
Ер жеткен соң түспеді уысыма,
Қолымды мезгілінен кеш сермедім" - деп ақын өзінің ғылым жолына кеш келгеніне өкініп, халықты білім қууға шақырады. Сондай-ақ, Абай ғылымның алар орны ерекше екендігін айтып, ақыл мен қайратты, жүрек үшеуін соған жүгіндіреді.

„Ақыл да, ашу да жоқ, күлкі де жоқ,
Тулап, қайнап бір жүрек қалады әлек.
Біреуінің күні жоқ біреуінсіз,
Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек" - деп ғылымның адам өмірінде маңыздылығына баса назар аударады. Оқу-білім - сарқылмайтын қазына. Білім жолында қайрат


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ